

«УРАЛ ОЙЛ ЭНД ГАЗ» ЖШС ЖЕР ҮСТІ КӨЛІК ҚҰРАЛДАРЫН ҚАУІПСІЗ ПАЙДАЛАНУ САЯСАТЫ

Көлік тасымалы «Урал Ойл энд Газ» ЖШС (бұдан әрі – УОГ) барлық нысандарында күн сайын қажет етілетін сервистік қызметтердің маңызды әрі кең таралған түрі. Осы және де басқа факторлар көлікті сервистік қызметтердің ішіндегі ең жоғары апатты саласына айналдырады, УОГ қызметкерлерінің, мердігерлердің және үшінші тұлғалардың өмірі мен денсаулығына зиян келтіру ықтималдығы аса жоғары болып табылады.

Саясаттың негізгі мақсаттары:

- *Көлік құралдарын пайдалану және қызмет көрсету барысында адамдардың өмірі мен денсаулығын сақтау;*
- *Жол-көлік оқиғаларының алдын алу және олардың салдарларының ауырлығын азайту;*
- *Көлік құралдарының жергілікті тұрғындарға, қоршаған ортаға, инфрақұрылымға теріс әсерін қысқарту және УОГ мүлкін сақтау.*

Саясат келесі қағидаларға негізделген:

- *Жол қозғалысының қауіпсіздігі саласындағы заңнама талаптарын, УОГ көлік құралдарын қауіпсіз басқаруды ұйымдастыру бойынша ішкі актілерін сақтау;*
- *Белгіленген нормаларға сәйкес желіге толық көлемде жабдықталған, техникалық жарамды көлік құралдарын шығару;*
- *Әрбір жүргізушінің рейс алдында медициналық қараудан, ал қажетті жағдайда рейстен кейін медициналық қараудан міндетті түрде өтуі;*
- *Басшылық пен жолушылар тарапынан жүргізушіге жол қозғалысы қауіпсіздігін қамтамасыз ететін талаптарды бұзуға мәжбүрлеуге жол бермеу;*
- *Сапарларды ұйымдастыру мен басқарудың корпоративтік жүйесін үздіксіз жетілдіру;*
- *Көлік құралдарын басқаруға тиісті біліктілігі мен жұмыс тәжірибесі бар жүргізушілерді тарту;*
- *Әрбір жол-көлік оқиғасының ішкі қызметтік тергеуін жүргізу, түбегейлі себептерін анықтау және қажетті алдын-алушы және түзетіну шараларды қабылдау;*
- *Корпоративтік қауіпсіздік талаптарын сақтау мақсатында, мыналарға*

ТҮЙІМ САЛЫНАДЫ:

- *жүргізушінің және барлық жолаушылардың қауіпсіздік белдіктерін тақпай көлік құралдарын жүргізу;*
- *белгіленген жылдамдық режимінен асуы;*
- *жүргізушілердің көлік құралының қозғалысы кезінде мобильді байланыс құралдарын пайдалануы;*
- *көлік құралдарының салонында шылым шегу;*
- *тәуліктің жарық уақытында жақын жарық фаралары немесе күндізгі жүру оттары өшіріліп тұрған көлік құралын басқару;*

➤ УОГ көлік құралдарында бөтен тұлғаларды және/немесе жүктерді өздігінен тасымалдау;

➤ келісімшарттық аумақта жеке көлік құралын пайдалану және тиісті жол парағысыз қызметтік мақсаттарда көлік құралдарын пайдалану;

➤ жол қозғалысының қауіпсіздігі саласындағы рәсімдер мен заңнама талаптарына сәйкес қауіпсіздік белдіктерімен жабдықталмаған көлік құралдарымен пайдалану;

➤ көлік құралдарының қозғалысын басқарудың және бақылаудың корпоративтік жүйесін, оған қоса спутниктік мониторинг және көлік құралдарының жалпы жүрісін азайту жүйелерін дамыту және жетілдіру;

➤ сапарларды жоспарлау, бағдардың тәуекелдері мен қауіпті учаскелерін анықтау жүйесін дамыту және жетілдіру.

УОГ тек қана жол қозғалысының барлық қатысушыларының өмірі мен денсаулығын сақтау мақсатында, Қазақстан Республикасының заңнамасымен көзделген, көліктегі қауіпсіздікке қойылатын талаптарын кеңірек әзірлеуге құқылы.

Саясаттың қолданысы УОГ-дың барлық қызметкерлеріне, сондай-ақ жасалатын шарттарда көрсетілген талаптарға сәйкес УОГ объектілерінде қызмет көрсететін, оның ішінде көлікпен тасымалдауды орындайтын мердігерлік ұйымдардың қызметкерлеріне таралады.

УОГ басшылығы ЕҚ және ҚОҚ басқару жүйесіне қажетті ресурстар мен жағдайларды қамтамасыз етуге жауапкершілік алады.

**Бас директор –
Басқарма Төрағасы**

И. Алиагаев